



**ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖҰМЫС ЖАСАУ
ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ – ҚАЗАҚСТАНДЫ АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ФАКТОРЫ**

**ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ
ХОЗЯЙСТВ НАСЕЛЕНИЯ КАК ФАКТОР ПРОДОВОЛЬСТВЕННОГО
ОБЕСПЕЧЕНИЯ КАЗАХСТАНА**

**IMPROVEMENT OF THE EFFICIENCY OF HOUSEHOLDS,
AS A FACTOR OF FOOD SECURITY IN KAZAKHSTAN**

Б.С. МЫРЗАЛИЕВ

экономика ғылымдарының докторы, профессор

Г.Ғ. ШІНЕТ

PhD докторант

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Аңдатпа. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жартысынан көбін өндіретін халық шаруашылықтарын тиімді дамыту проблемалары және елді азық-түлікпен қамтамасыз етудегі олардың ролі көрсетілген. Олардың жұмыс жасау бағытында практикалық ұсыныстар берілген. Осы категорияны кәсіпкерлік құрылымға түрлендіру үшін «Халық шаруашылықтары туралы» заң қабылдаудың қажеттілігі негізделген.

Аннотация. Показаны проблемы эффективного развития хозяйств населения, которые производят более половины продукции сельского хозяйства Республики Казахстан, и их роль в продовольственном обеспечении страны. Даны практические рекомендации по их функционированию. Обоснована необходимость принятия закона «О хозяйствах населения» для трансформации данной категории в предпринимательские структуры.

Abstract. The article highlights the issues of effective development of households, which produce more than half of agricultural production of the Republic of Kazakhstan, and their role in food security of the country. Practical recommendations on their functioning. The justification of the necessity of adoption of the Law "On households" for the transformation of this category to business structures.

Тұтқалы сөздер: ауылшаруашылық өндірісі, ауыл халқы, фермерлер, халық шаруашылықтары, азық-түлік, азық-түлік қауіпсіздігі, индустриалды-инновациялық дамыту.

Ключевые слова: сельскохозяйственное производство, сельское население, фермеры, хозяйства населения, продовольствие, продовольственная безопасность, индустриально-инновационное развитие.

Keywords: agricultural production, rural population, farmers, households, food, food security, industrial and innovative development.

2012 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында «Әлемдік халық саны өсуінің жоғары қарқыны азық-түлік проблемасын күрт шиеленістіріп отыр. Бүгінгі өзінде әлемде миллиондаған адам аштыққа ұшырап,

миллиардқа жуық адам тағамның ұдайы жетіспеушілігін бастан кешіруде. Тамақ өнімдерін өндіруде революциялық өзгерістер жасамаса, осынау үрейлі цифрлар тек өсе түспек. Біз үшін бұл сын-қатер астарында орасан зор мүмкіндіктер бар», - деген болатын [1].



Аграрная политика: механизм реализации

Сондықтан мемлекетімізде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету аса өзекті мәселелердің біріне жатады.

Қазақстанда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ерекше орын алатын жұртшылық шаруашылығы болып есептеледі. Шаруашылықтың аталған санаты ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің үштен екі бөлігін өндіреді, еттің, сүттің және жүннің (65-85%), сонымен қатар картоптың, көкөніс пен жеміс-жидектер өндірісі көлемінің басым бөлігі (85-98%) солардың үлестерінде.

Жұртшылықтың жеке қосалқы шаруашылығының әлеуметтік-экономикалық мазмұнына үңілсек, ол өздерінің табыстары және елді мекендердегі мүлігі мен заңнамамен бекітілген мөлшер шамасындағы жерге деген жеке меншігін өзара бірлестіре өмір сүріп жатқан тұлғалардың жеке еңбегіне негізделген тұтыну шаруашылығы болып табылады. Азаматтардың жеке азық-түліктік қажеттілігін қанағаттандыру және артық өнімді сатудан түскен қосымша табысқа ие болу – жеке қосалқы шаруашылықтың негізгі мақсаты.

Қазіргі кездегі Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Статистикалық жинақтарында жұртшылықтың жеке қосалқы шаруашылығы «жұртшылық шаруашылығы» деген атаумен беріліп жүр. Жұртшылық шаруашылығына халықтың жеке қосалқы шаруашылықтары, ұжымдық бақтар мен бақшалар, саяжай учаскелері жатады. Жеке қосалқы шаруашылықтарға жер ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін

пайдалануға, иеленуге және меншікке беріледі [2].

Өлемдік тәжірибеде шаруашылық жүргізудің мұндай түрі бұрынғы Кеңестік елдерде кеңінен дамыған. Колхоздар мен совхоздар түріндегі қоғамдық өндіріс ел тұрғындарын қажетті және алуан түрлі азық-түлікпен қамтамасыз ете алмайтындықтан және жаңа нарықтық экономикадағы елдердің тәжірибесінде шаруашылық жүргізудің мұндай түрінің болмауы себепті жалпы халыққа таралым болған. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде шаруашылық жүргізудің мұндай түріне деген қажеттіліктің жоқтығы табиғи құбылыс.

Сондай-ақ, 1990 жылдардағы кезеңде аграрлық түбегейлі реформалар мен дағдарыстарда шаруашылықтың осы санатының әлеуметтік-экономикалық маңызы бірден өсті, осылайша тұрғындардың жеке шаруашылығы елді азық-түлікпен қамтамасыз етуінің негізгі қайнар көзіне және ауыл халқының өмір сүруінің негізіне айналды. Сол арқылы қоғамда айтарлықтай деңгейде әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақтылық сақталды [3].

1990 жылдардың бірінші жартысындағы жаппай қайта ұйымдастыру кезіндегі колхоздар мен совхоздардың ірі ұжымдық мал шаруашылығы фермаларындағы мал басын бөлшектеп, тұрғындардың жеке қораларына берілді және ол жылдан-жылға 3-5%-ға өсіп отырды (1 кесте).

1-кесте. Қазақстан Республикасындағы жеке жұртшылық шаруашылығындағы мал басы мен құс санының динамикасы

Үй шаруашылығы малдарының түрлері	Жылдар				
	1990	2000	2005	2010	2013
Ірі қара мал, мың бас	3012,6	3552,7	4650,2	4985,6	4034,5
Қой мен ешкі, мың бас	6360,0	8190,9	10829,8	12285,7	10996,1
Жылқы, мың бас	510,1	824,5	915,9	1017,0	995,0
Шошқа, мың бас	663,7	941,3	1045,8	1012,6	562,4
Түйе, мың бас	53,0	74,8	94,6	111,2	91,7
Құс, мың бас	19996,9	9933,2	13620,6	14341,3	12400,1


1-кестеден көріп отырғанымыздай, жеке сектордағы мал мен құс басының жоғары қарқынды өсімі 2000-2005 жылдары және одан кейінгі 1990 жылдардағы ірі колхоздар мен совхоздардың фермаларының жаппай таратылуы себебінен бірден азайған шамасының орнын толтыра алмады. Соның себебінен бүгінгі кезде республика бойынша жалпы мал басының саны өзінің 1990 жылдағы санының 60%-ын ғана құрап отыр. Алайда бұл көрсеткіш жеке қосалқы шаруашылық есебінен ғана артқан.

Жұртшылық шаруашылығындағы мал мен құс санының өсуі жанұялық ферманың

орташа шамасының өсуі есебінен болып отыр. Келтірілген мәліметтер негізінде жұртшылықтың жеке қосалқы шаруашылығының ел халқын азық-түлікпен қамтамасыз етуіндегі рөлі жылдан жылға артып отырғанын байқауға болады.

Бүгінгі таңда, еліміздегі азық-түлік қауіпсіздігінің стратегиялық негізін шаруашылық жүргізудің осы түрі құрап отыр. Шаруашылық санаттары бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымының құрылымын ұсынамыз (1-сурет).





1-сурет. Шаруашылық санаттары бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымының құрылымы

Берілген диаграммаларда 2013 жылы жұртшылық шаруашылығының ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы 2009 жылмен салыстырғанда 24,6%-дан 45,2%-ға өскені белгілі болып отыр. Алайда елімізде ауылшаруашылық өнімдерінің жалпы шығарылымының артқанына қарамастан, біздің республикамыз осы уақытқа дейін тек қана дәстүрлі көкөніс өнімі, қант және өсімдік майына (30-40%) ғана емес, сондай-ақ ет және сүт өнімдеріне (20-25%) де импорттық тәуелділікте. Ауыл шаруашылығы өнімі мен азық-түлік өнімдерінің жалпы импорты 2013 жылы 3,5 млрд. АҚШ долл. құраған, бұл республиканың аграрлық секторын бюджет-тен қаржыландыру көлемінен 3,5 есе артық [4].

Азық-түлік қауіпсіздігінің айқын қаупін ескере отырып, Елбасы өзінің 2010 жылғы халыққа Жолдауында «2014 жылға қарай азық-түлік тауарлары ішкі рыногының 80%-дан астамын отандық тағам өнімдері құрауы тиіс. Бізде бұл үшін мүмкіндіктер бар», - деген болатын [5].

Алайда, бүгінгі таңда бұл мақсаттардың жүзеге асырылуы қиын екендігі белгілі. Ауыл шаруашылығының жеке секторын қаржылай қамтамасыз ету және келешекте дамуын мемлекеттік реттеудің түбегейлі шараларын қабылдамай бұл мақсатқа жету мүмкін емес. Біздің ойымызша, индустриалды-инновациялық дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасының аясында жеке шаруашылықтарды орташа көлемдегі құрылымдарға (фермерлік, кооперативтік, серіктестік) жедел қайта құрылымдау бойынша қаржы-эконо-

микалық және шаруашылық механизмдерді құру және енгізу қажет.

Ұсынылып отырған жұртшылық шаруашылығын фермерлік шаруашылықтарға қайта құрылымдаудың қиындығы мен жеделдігін ескере отырып, шағын шаруашылықтарды еркімен біріктірумен қатар, кері жағдайлар туындағанда, Заң негізінде қатаң әкімшілік шаралар да қолдану керектігін айта кеткен жөн. Мұнда ауылшаруашылық жерлерінің басты меншік иесі мемлекет болғандықтан, басты тұтқа ретінде әсер етуші де мемлекет деп атап өткен дұрыс.

Жұртшылық шаруашылығын ұсынылған ферма қожалықтарына қайта түрлендірудің қиын екендігін ескере отырып, бұл үрдісті заңды тұрғыдан басқару керектігіне де тоқталамыз. Себебі жеке сектор жалпы өнімнің жартысынан көбін өндірсе де ауыл шаруашылығы өндірісіндегі барлық (94,0 млн. га) қолданыстағы жердің 1%-ына ғана (760 мың га) иелік етеді. Жұртшылық шаруашылығымен айналысу үшін 244,5 мың га жер ғана берілген. Ауылдық жерлерде бір үйдің шаруашылығына 26,5 соттық, қалалы жерде 6,7 соттық жер берілген болса, бақташылық пен саяжай шаруашылығы 134,1 мың га жерге ие.

Біріншіден бұл заң, жұртшылық шаруашылығының ұйымдық-құқықтық мәртебесін анықтауы тиіс, яғни 1998 жылы қабылданып, қызмет етіп келе жатқан Заң негізінде әрекет етуші шаруа қожалықтары мен фермерлік шаруашылықтар арасындағы айырмашылықты нақты бермегендіктен, бұл шаруашылық жүргізуші екі түрдің арасында шатастыру көп

болуда. Сол себепті жаңа Заң осылардың ерекшеліктерін анықтауы қажет.

Қазіргі кезде ферма иесі туралы әр түрлі түсініктер бар. Өрекет етуші Заң бойынша, ферма иесі ретінде тек қана сырттан адам жалдаушы, яғни өз отбасы мүшелерінен емес, бөтен адамдардан қызмет етуге алушыны санайды. Егер бұл шарттарды Еуропа елдерінде қолданса, онда мұндай ферма иелерінің саны азайып кетер еді. Себебі олардың барлығының сырттан жұмыс күшін тартуға мүмкіндіктері болмайды. Сол себепті отбасылық фермалар қазіргі кезде Еуропа және әлемдік фермалардың ең кең тараған түрі. Біздің елімізде де орта және ірі үй шаруашылықтарымыз өзінің әлеуметтік-экономикалық мазмұны бойынша фермерлік шаруашылық болып табылады.

Бүгінгі таңда жұртшылық шаруашылығы тек Азаматтық Кодеспен реттелуде. Жұртшылық шаруашылығы агроөнеркәсіп кешені жүйесінің өндірістік бірлігі ретінде мәртебесі жоқ және кәсіпкерлікке де жатпайды. Сондықтан да олардың мемлекет тарапынан қолдау алуына еш мүмкіндіктері жоқ. Сондай-ақ қазіргі кезде ауыл тұрғындары малдың басының көп бөлігіне ие екендігі баршаға белгілі. Ғылыми-зерттеу институттарының мал шаруашылығы мен жем-шөп өндірісі бойынша қызмет етуші ғалымдарының зерттеуі бойынша елімізде ірі үй шаруашылықтарындағы (1-ден бірнеше мың мал басына ие) мал басы 20%-дан 35%-ға дейін жұртшылық шаруашылығына тиесілі екен.

Алайда жұртшылық шаруашылығын анықтап, және оларды шаруа қожалықтары немесе жеке кәсіпкерлерге қайта құрылымдауда республика бойынша мал шаруашылығы шаруа қожалықтарының 40%-ы 100 бас қойға ие, ал 16%-ы тек 10 бас қойға ие. Яғни айтатын жайт, қазіргі кездегі көптеген үй шаруашылықтарын фермерлік шаруашылықтарға жатқызуға болады. Қой шаруашылығы бойынша, ең ірілері (500 бастан көбі) тек 18%-ды құрайды.

Жұмыссыздық деңгейін төмендету жағдайында ауыл тұрғындарының табысының негізгі көзі ретіндегі жұртшылық шаруашылығының дамуы үй бақташылығы мен бақша өсірумен айналысатын, халқы тығыз орналасқан оңтүстік аймақ үшін аса маңызды. Оңтүстік аймақтың Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары республиканың жеке секторының мал және құс шаруашылықтарының 46%-на ие.

Екіншіден, қабылданатын Заң жеке шаруашылықтардың Заңда белгіленген шамасында шабындықтар мен жайылымдарды ұзақ мерзімді жалға алу немесе сатып алу жағдайын шешуі тиіс. Сондай-ақ, үй іргесіндегі телімнен бөлек үй шаруашылығының далалы жер үлесі болуы тиіс. Оған

жоғарыда айтылған шабындық пен жайылымдар кіреді. Үлестердің берілуі шамасы қазіргіден әлдеқайда көбірек болуы және сол берілген жерде қажетті инфрақұрылым (жол, малдың суарымы және т.б.) жасалуы қарастырылу керек.

Ауылдық жайылымдардағы топырақ құнарлылығының нашарлауымен қатар мал шаруашылығын кері тартатын тағы бір жайт - ауыл шаруашылық жерлерін ретсіз игеру. Негізінен үлкен көлемді ауыл шаруашылығының жайылымдық жерлері ұзақ мерзімді жалға заңды және жеке тұлғаларға берілген. Олар өз кезегінде, сол жалға алған жерлерінде ауыл шаруашылығының ешқандай түрін жүргізбейді, керісінше өздері де сол жерді тағы бір үшінші тұлғаға жалға беріп, жал ақысын табыс көзі ретінде көреді. Бұл жағдай, әлеуметтік теңсіздіктен бөлек, ауыл шаруашылығы өндірісіне инвестиция ағымының келуін кері тартады. Сол себепті ретсіз қолданылған ауылшаруашылық жерлерін, жайылымдықтар мен шабындықтарды да қоса есепке алғандағы көрініс тапқан жағдайларға заңды өзгерістер енгізу қажет.

Қорытындылай келгенде, «Жұртшылық шаруашылығы туралы» заң ТМД елдерінде қабылданып, жүзеге асырылуда. Мысалы, Ресейде сол аталмыш заң арқылы жұртшылықтың жеке қосалқы шаруашылығы шаруашылық жүргізуші басқа санаттар сияқты мемлекеттік қолдаудың барлық түрлеріне ие.

Украинада «Жеке шаруа қожалығы туралы» заң, Беларусьда «Жеке қосалқы шаруашылық туралы» заң, Өзбекстанда «Дихандар шаруашылығы туралы» заң қабылданған. Украиндық және өзбек шаруашылықтары кәсіпкерлік түріне ие, Ресей және Беларусьда ауыл шаруашылығы өнімнің өндірісі мен өңдеу бойынша кәсіпкерлік шаруашылық түрінде.

Сондай-ақ, біздің еліміздегі халықтың жеке шаруашылығының қазіргі кездегі дамуын бағалау бір бағытта емес. Кейбір ғалымдар жұртшылық шаруашылығының бүгінгі таңдағы ахуалы мен жақын болашақтағы дамуының оңды болатындығын негізге ала отырып, маңызды деп санаса, екінші бір ғалымдар ауыл шаруашылығы өндірісінің бұл түрін натуралды шаруашылық сияқты болашағы жоқ деп санап, оған қатысты арнайы заң қабылдаудың және мемлекеттік қолдаудың қажеттігі жоқ деген пікірде [6].

Жұртшылық шаруашылығына қатысты Заңның қабылдануы пісіп жетілген объективті қажеттілігін мемлекеттік реттеудің әртүрлі деңгейіндегі және аймақтардағы көптеген танымал аграрлық сала ғалымдары мен өндіріс өкілдері айтып отыр. Біз барлығымыз статистикалық мәліметтер бойынша еліміздегі барлық малдың 76%-ы жұртшылық шаруашылығының еншісінде екендігін мойындай-

